

Басқарманың  
2016 жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттамасына  
№ \_\_\_\_\_ қосымша

## Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін өткізуге тарту үшін ұйымдарды іріктеу регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін өткізуге тарту үшін Ұйымдарды іріктеу регламенті (бұдан әрі - Регламент ) Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы №125 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару жөніндегі саясатына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының \_\_\_\_\_ шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару. Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілігі бойынша іріктеу стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес әзірленген.

2. Осы Регламент Ұйымдарға қойылатын талаптарды, оларды іріктеу, білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімін және көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін өткізуге тартылатын Ұйымдардың тізбесі қалыптастыру тәртібін, сондай-ақ Комиссия жұмысының мақсаттарын, функцияларын жәнетәртібінанықтайды.

3. Осы Регламентке қатысты қолданылатын келесі айқындамалар:

**аудит** - әлеуетті өнім берушілердің біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу шеңберіндегі біліктілік критерийлеріне сәйкестігін анықтау (растау) мақсатында ақпаратты (мәліметті) алуға бағытталған шаралар кешені (көшпелі верификациялық аудит, техникалық аудит);

**аудит-күні** – Ұйым аудитті кемінде 8 сағат бойы жүзеге асыратын күн;

**көшпелі верификациялық аудит** — қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты сыншылдықтың екінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісі мен қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты емес сыншылдықтың үшінші деңгейлі өнім берушісінің алаңында жүзеге асырылатын мәліметтер мен құжаттарға кешенді тексеріс жүргізу;

**Өтінім** - Ұйымның осы Регламентке № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған ұсынысы;

**Біліктілік талаптар** – Өтінімде көрсетілген білікті Ұйымдарды іріктеуге қатысу үшін Ұйымдарға қойылатын талаптар;

**Біліктілік орган** – Қор Басқармасы белгілеген Стандартқа сәйкес біліктілікті алдын ала іріктеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

**Комиссия** – Ұйымдардың Өтінімдерін қарау және Білікті Ұйымдардың алдын ала тізілімін қалыптастыру жөніндегі алқалы орган;

**АЕК** – «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

**Ұйым** – Ұйымдар Тізбесіне кіретін әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық аудит пен техникалық аудитті өткізуге тартылатын ұйым;

**Ұйымдардың Тізбесі** – Біліктілік органмен осы Регламентте көрсетілген шарттарда ынтымақтастық туралы келісім, сақтандыру компаниясымен азаматтық-құқықтық жауапкершікті ерікті сақтандыру шартын, Біліктілік органның веб-сайтында орналастырылған және ынтымақтастық туралы келісім жасаған Ұйымдар арасынан қалыптастырылатын тізбе;

**Білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімі** – Комиссия Біліктілік талаптарына сәйкестікті растаған Ұйымдар арасынан қалыптастыратын тізілім;

**техникалық аудит** — негізгі өндірістік процестерді қоса алғанда, әлеуетті өнім берушінің алаңында жүзеге асырылатын стандарттар, техникалық шарттар және басқа нормативтік құжаттарға сәйкестігін сараптауды қоса алғанда, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты сыншылдықтың үшінші деңгейлі өнім берушінің мәліметтері мен құжаттарына кешенді тексеріс жүргізу;

**Іріктеуге қатысушы** – Өтінім берген ұйым;

**Қор** – «Самұрық-Қазына» АҚ;

**Холдинг** – Қор мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік – өзге заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы әрбір кейінгі заңды тұлғаға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілік;

**IAF** — әр түрлі елдердің аккредитациялау жөніндегі органдарын, сертификаттау жөніндегі органдардың қауымдастығын, сондай-ақ менеджмент, тауарлар, қызметтер мен персонал саласындағы сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметке тартылған басқа да ұйымдарды (International Accreditation Forum) қамтитын дүниежүзілік одақ.

## 2. Комиссияны құру және оның құрамы

4. Комиссия Қор және Біліктілік органның шешімімен құрылады және:

Комиссия төрағасынан;  
 Комиссия төрағасының орынбасарынан;  
 Комиссияның басқа мүшелерінен тұрады.

5. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және құрамы Қор немесе Біліктілік органның шешімімін өзгертілуі мүмкін тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

6. Комиссия құрамы кем дегенде 5 (бес) адамды қамтуы тиіс.

7. Комиссия қызметіне басшылықты Комиссия төрағасы жүзеге асырады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын Комиссия Төрағасының орынбасары орындайды.

### **3. Комиссияның мақсаттары және функциялары**

8. Комиссияның мақсаттары білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімін қалыптастыру және Қазақстан Республикасының аумағы мен жақын және алыс шетелдерде көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерді жүргізу бойынша қызметтерге арналған тарифтер бойынша ұсынымдар жасау болып табылады. Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін Комиссия келесі функцияларды орындайды:

- Ұйымдардың Өтінімдерін қарау және бағалау;
- Білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімін бекіту және оған өзгерістер енгізу;
- Қазақстан Республикасының аумағы мен таяу және алыс шетелдерде көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерді жүргізу бойынша қызметтерге тарифтер бойынша ұсыныстар жасау; Білікті ұйымдардың Алдын ала тізілімін құру және Өтінімдерді қараумен байланысты басқа да мәселелер.

### **4. Комиссия мүшелерінің міндеттері**

9. Комиссия Төрағасы:

- Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- Комиссия отырыстарына төрағалық етеді;
- Комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатысады;
- Комиссия отырыстарының хаттамаларына қол қояды;
- осы Регламентте көзделген басқа да функцияларды орындайды.

10. Комиссия мүшелері:

- басқа тұлғаға дауыс беру құқығын бермей жеке Комиссия отырыстарына қатысады;
- Комиссия отырыстарының күн тәртібінде қамтылған мәселелер бойынша құжаттарды қарастырады;
- Комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатысады;

- отырысқа қатысу мүмкін болмаған кезде Комиссия хатшысын бұл туралы уақытылы ескертеді;

- Комиссия отырыстарының хаттамаларына қол қояды.

11. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін Комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы Комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқылы емес.

Комиссия хатшысы:

- Өтінімдерді қабылдайды және тіркейді;

- Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды, Комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, Комиссия отырысын жүргізуді ұйымдастырады;

- Комиссия отырысына дейін, оның ішінде электрондық пошта арқылы, Комиссия мүшелеріне отырысқа шақыруды және Комиссия отырысының күн тәртібіне қосылған мәселелер бойынша құжаттарды жібереді, сондай-ақ Іріктеуге қатысушыларды Комиссия отырысының өткізілетін түрі және күні туралы ескертеді;

- Комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді, олардың келісілуін және Комиссия мүшелерінің қол қоюын қамтамасыз етеді;

- Комиссия отырыстарының хаттамалары және іріктеуге Өтінімді алған сәттен бастап құжаттар мен материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

- осы Регламентте көзделген басқа да міндеттерді орындайды.

## **5. Комиссия қызметінің тәртібі**

12. Комиссия отырысы Өтінімдерді алуды аяқтаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

13. Комиссия отырысының өткізілетін уақытын, түрін, орнын және отырыстың күн тәртібін Комиссия Төрағасы (ол болмаған кезде орынбасары) белгілейді.

14. Комиссия отырыстары Комиссия мүшелерінің көпшілігі болған кезде өткізіледі және Комиссияның қатысатын құрамы (сырттай отырысқа қатысатын құрам) және Комиссия хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді. Комиссия құрамынан біреу отырысқа қатысудан бас тартса немесе қатыса алмаса, Комиссия отырысының хаттамасына тиісті белгі қойылады.

15. Комиссия отырыстары күндізгі және сырттай өткізіледі Сырттай отырыс Хатшының Комиссия мүшелеріне сырттай отырыс хаттамасы мен бюллетеньдерді жолдауы арқылы сұрау жүргізу жолымен өткізіледі.

16. Комиссия отырыстарын Комиссия Төрағасы (ол болмаған кезде орынбасары) ашады және жабады .

17. Комиссия отырысы Комиссия тиісті шешім қабылдаған жағдайда Іріктеуге қатысушылардың өкілдерінің қатысуымен өткізілуі мүмкін.

18. Комиссия шешімі отырысқа қатысатын Комиссия мүшелерінің берген (сырттай отырысқа қатысатын) дауыстарының қарапайым басым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия Төрағасы немесе ол жоқ болған кезде Комиссия Төрағасының орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі

19. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, Комиссия мүшесінің жазбаша түрде баяндалуға және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуге тиіс ерекше пікір білдіруге құқығы бар.

20. Комиссия құрамының біреуінің мүдделерінің келіспеушілігі болған жағдайда, осы тұлға бұл туралы Комиссия хатшысын ескертеді, ол туралы хаттамада жазба жасалады. Сонымен бірге, ол тұлға мүдделерінде келіспеушілік бар іріктеуге қатысушысыға қатысты дауыс беруге және Комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

## **6. Іріктеуді жүргізу туралы хабарлама. Өтінімді беру тәртібі**

21. Біліктілік орган, Комиссия атынан Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын аптасына 3 (үш) реттік басылым кезеңділігімен шығатын кезеңділік баспасөз басылымдарында және Біліктілік органының веб-сайтында тиісті жылға Ұйымды іріктеуді жүргізу туралы хабарландыруды орналастырады.

22. Кезеңділік баспасөз басылымында орналастырылатын Ұйымды іріктеуді жүргізу туралы хабарландыру келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Біліктілік органның толық атауы, электрондық және пошталық мекенжайын;

- Өтінімнің Біліктілік органының веб-сайтында орналастырылған осы Регламентіне сілтемесімен Регламент талаптарына сәйкестілігін көрсетудің қажеттілігін;

- Өтінімді ұсынудың мекенжайын;

- Өтінімі және тарифтері бар конверттерді ұсыну мерзімінің басталу және аяқталу мерзімін;

- Біліктілік органының ресми сайтында қосымша ақпараттың орналастырылуы туралы мәліметті.

24. Біліктілік органының ресми веб-сайтында орналастырылатын Ұйымды іріктеуді жүргізу туралы хабарландыруда келесі мәліметтер көрсетіледі:

- қызметтерге арналған тарифтер бойынша ұсыныстарды ұсыну және мазмұнына қойылатын талаптар;

- іріктеу іріктеуге қатысуға арналған Өтінімді жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар;

- Ұйымдардың өзінің қатысуға арналған Өтінімдерін оларды ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту немесе қайтарып алуға құқығын көрсету;

- іріктеу іріктеуге қатысуға арналған Өтінімі бар конверттерді ұсынудың тәртібі, тәсілі, орны және ақырғы мерзімі;

- Ұйымның Өтінімдегі біліктілік талаптары бойынша қате ақпаратты ұсынудың салдары туралы ақпарат.

25. Осы Регламенттің 23,24-тармақтарында көрсетілген хабарландыруда, өткізілетін іріктеудің талаптары туралы едәуір толық ақпаратты алуға мүмкіндік беретін басқа да мәліметтер қамтылуы мүмкін.

26. Іріктеуге менеджмент жүйелерінің сертификатталған аудиттерін жүргізуге аккредитацияланған заңды тұлғаларына рұқсат етіледі:

-Қазақстан Республикасының аумағындағы көшпелі верификациялық аудиттері бойынша – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;

-менеджмент жүйесін сертификаттау аумағындағы IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша органымен берілген менеджмент жүйесінің сертификатталған аудитін жүргізуге арналған аккредитациясы бар - жақын және алыс шетел мемлекеттерінің көшпелі верификациялық аудиттері бойынша;

-Қазақстан Республикасында тіркелген, менеджмент жүйесін сертификаттау аумағындағы IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша органы берген менеджмент жүйесінің сертификатталған аудитін жүргізуге арналған аккредитациясы бар – Қазақстан Республикасының аумағындағы техникалық аудиттер бойынша;

-менеджмент жүйесін сертификаттау аумағындағы IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша органымен берілген менеджмент жүйесінің сертификатталған аудитін жүргізуге арналған аккредитациясы бар – жақын және алыс шетел мемлекеттеріндегі техникалық аудиттері бойынша.

27. іріктеуге қатысу үшін, іріктеудің Қатысушылары осы Регламентке №1-қосымшасына сәйкес толтырылған, қол қойылған, тігінделген және нөмірленген Өтінімі бар конвертті Біліктілік органына ұсынады.

28. Өтінім қамтиды:

1) Іріктеуге қатысушының құрылтайшылық және тіркеулік құжаттарының, олардың қосымшаларымен бірге тізімін;

2) Біліктілік талаптарына сәйкестілігін растайтын құжаттардың, олардың қосымшаларымен тізімін.

29, Іріктеуге қатысушы мен қызметтерге арналған тарифтері Өтінімнен бөлек жапсырылған конвертте, төмендегілер бойынша теңгедегі 1 аудит-күнінің құны туралы ақпаратымен ұсынылды:

- Қазақстан Республикасы аумағында көшпелі верификациялық аудитті жүргізу;

- Қазақстан Республикасынан тыс көшпелі верификациялық аудитті жүргізу;

- Қазақстан Республикасының аумағында техникалық аудитті жүргізу;

- Қазақстан Республикасынан тыс техникалық аудитті жүргізу.

30. Қазақстан Республикасының резидент емес іріктеуге қатысушылар, тарифтерді теңгемен ұсынады, бұл орайда тарифтер соңғы болып табылады және теңге бағамы қандай да бір шетел валютасына қатынасы бойынша өзгерген жағдайында қайта есептелмейді.

31. Өтінім (барлық қосылатын құжаттарымен) қазақ және орыс тілінде ұсынылуы тиіс. іріктеу іріктеуге қатысуға арналған өтінім іріктеуге қатысушымен жапсырылған конвертте оларды ұсынудың хабарландыруда көрсетілген ақырғы мерзімінің аяқталуына дейін ұсынылады. іріктеу іріктеуге қатысуға арналған Өтінімі немесе құжаттары және (немесе) қатысуға арналған Өтінімнің құрамдық бөлігі болып табылатын материалдары бар конверттерді оларды ұсынудың хабарландыруда көрсетілген ақырғы мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынуға рұқсат етілмейді.

32. Қазақстан Республикасының резидент емес іріктеу қатысушылары, Қазақстан Республикасының резидент іріктеу қатысушылары сияқты құжаттарды немесе ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады. Қазақстан Республикасының жасаған халықаралық келісімдердің талаптарына қарай, Қазақстан Республикасының резидент емес іріктеу қатысушылары құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерін немесе құжаттардың апостильдендірілген/заңдастырылған көшірмелерін ұсынады. Көрсетілген құжаттардың орыс немесе қазақ тіліне нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы керек. Егер, Қазақстан Республикасының резиденті емес іріктеуге қатысушы Өтінім құрамындағы құжаттардың апостильдендірілген/заңдастырылған көшірмесін уақытылы ұсынылуын қамтамасыз ете алмаған жағдайда, ол құжаттардың көшірмелерін ұсынуға және оның білікті Ұйымдардың Алдын ала тізіліміне енгізілуі жағдайында, олардың осы Регламенттің 46-тармағында қарастырылған тәртіпте ұсынылуын қамтамасыз етуге құқылы.

33. Өтінім, Біліктілік органы Ұйымды іріктеуді жүргізу туралы хабарландыруды кезеңдік баспасөз басылымында жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі тиіс.

34. Комиссия хатшысы, егер іріктеуге қатысуға арналған Өтінімі бар жапсырылған конверт Өтінімді берудің бекітілген мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылған болса, Өтінімді қабылдамайды, бұл орайда Өтінімі бар конверт ашылмайды және іріктеуге қатысушыға қайтарылады.

35. Хатшы хронологиялық тәртіпте, іріктеу іріктеуге қатысуға арналған Өтінімін тіркеу журналына бекітілген мерзімнің аяқталуына дейін Өтінімі бар конверттерді ұсынған іріктеу Қатысушылары туралы мәліметтерді енгізеді.

36. Іріктеуге қатысушы іріктеуге қатысуға арналған Өтінімді беру мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

-іріктеуге қатысуға арналған енгізілген Өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

-өзінің іріктеуге Өтінімін іріктеуге қатысуға арналған Өтінімі бар конвертін ұсынудың ақырғы мерзімінің аяқталуына дейін қайтарып алуға құқылы.

## 7. Өтінімдерді қарастыру және бағалау

37. Комиссия Өтінімдерді алдын ала қарастырады және оларды қабылдамайды, бұл туралы хаттамада, егер:

- Іріктеуге қатысушы Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің Тізімінде және (немесе) мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушыларының тізілімінде және/немесе жалған кәсіпорындар тізімінде болса;

- Іріктеуге қатысушы және/немесе оның басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте терроризм және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар және тұлғалар тізіміне енгізілген болса;

- Өтінім Регламенттің 27,28-тармақтарына сәйкес келмесе тиісті жазба жасалады.

38. Өтінімдерді формалдық негіздеулер бойынша қабылдамауға рұқсат етілмейді:

- 1) Өтінімде қателіктің, жаңылыстардың, қате жазбалардың болуы;

- 2) Өтінімдерді бағалау және салыстыруға әсер етпейтін ақпараттардың (банктік деректемелер, БСН, куәліктер нөмірлері туралы және басқа да ақпараттар) көрсетілмеуі.

39. Комиссия Іріктеуге қатысушылардың құрылтайшылық және тіркеу құжаттарының толық пакетімен ұсынылған Өтінімдерінің Біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді

40. Іріктеуге қатысушылардың Өтінімдерін бағалау, Комиссиямен, Қор Басқармасының шешімімен бекітілетін әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін жүргізуге тарту үшін іріктеуге қатысуға арналған Ұйымдардың өтінімдерін бағалау Әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

41. Комиссиямен білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімін қалыптастыру туралы шешімі қабылданғаннан кейін, Хатшы Алдын ала тізілімге енгізілген Ұйымдардың тарифтері бар конверттерді ашады және тиісті деректерді хаттамаға енгізіледі.

- отырыстың күні, уақыты және орны;

- Комиссияның құрамы;

- Өтінімді ұсынудың уақыты және күні көрсетілген, Іріктеуге қатысушылардың толық атауы, нақты мекенжайы;

- Өтінімді ұсынудың ақырғы мерзімінен кейін олардың ұсынылуына байланысты Өтінімдері қайтарылған Іріктеуге қатысушылардың толық атауы,

- қабылданбаған Өтінімдер және қабылдамау негіздемелері туралы ақпарат,

- Ұйымдардың өтінімдерін бағалау Әдістемесіне сәйкес Өтінімдерді бағалауды жүргізудің нәтижелері туралы;

- білікті Ұйымдардың Алдын ала тізілімін құру туралы шешім;



- білікті Ұйымдардың Алдын ала тізіліміне енгізілген іріктеу Қатысушыларымен ұсынылған тарифтері туралы ақпарат,

- Қазақстан Республикасының аумағында және жақын және алыс шетел мемлекеттерінде көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін жүргізу бойынша 1 аудит-күніне арналған тарифтің жоғарғы шегі туралы ұсынымы;

- егер болса, Комиссия мүшесінің ерекше пікірі;

- Комиссияның қарауы бойынша басқа да ақпарат.

45. Комиссия отырысының хаттамасы Біліктілік органының ресми веб-сайтында, Комиссия отырысын өткізу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

## **8. Ұйымдардың Тізбесін қалыптастыру**

**46.** Білікті Ұйымдардың Алдын ала тізіліміне енгізілген Ұйымдар, Регламенттің 45-тармағында қарастырылған хаттаманы орналастыру күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

- қазақстандық сақтандыру ұйымымен, іріктеуді жүргізуге үміткер Қатысушысының аудит түріне байланысты, регламентпен, Өтініммен және әріптестік туралы келісіммен қарастырылған талаптарда, Біліктілік органын пайданы алушы ретінде көрсетумен бірге азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ерікті сақтандыру шартын жасауға;

- Біліктілік органына, олардың Өтінім құрамында ұсынған, қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасымен бірге құжаттардың апостильдендірілген/заңдастырылған көшірмелерін ұсынуға;

- Біліктілік органымен әріптестік туралы келісімін жасауға міндетті.

Бұл орайда, Ұйым, сақтандыру шартын, сақтандыру полисін немесе сақтандыру сыйақысын төлеу туралы төлемдік тапсырмасын, немесе Регламентпен, Өтініммен және әріптестік туралы келісіммен қарастырылған талаптарда сақтандыру шартының жасалуын растайтын басқа да құжаттарды ұсына отырып, сақтандыру шартының күшіне ену фактісін, сонымен қатар сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру сыйақысын төлеудің фактісін растауы тиіс.

**47.** Біліктілік органы Ұйымдардың Тізбесін, осы Регламенттің 46-тармағында көрсетілген талаптарын орындаған Ұйымдар арасынан қалыптастырады. Ұйымның Ұйымдар Тізбесіне болу мерзімі ұйымдардың Тізбесіне енгізілген күнінен бастап 1 (бір) жылды құрайды.

**48.** Ұйымдардың Тізбесі және Қазақстан Республикасының аумағында және жақын және алыс шетел мемлекеттерінде көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерді жүргізу бойынша қызметіне арналған 1 аудит-күніне арналған тарифтің жоғарғы шегі туралы ұсыным Біліктілік органының веб-сайтында орналастырылады.

**49.** Біліктілік орган, аудитор-мамандарын, Ұйымдардың Тізбесіне енгізілген Ұйымдарды, оларды көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерді жүргізуге рұқсат ету туралы шешімді қабылдау мақсатында аттестациялауды жүргізуге құқылы.

## **9. Ұйымдардың Тізбесінен шығару тәртібі**

**50.** Ұйымды Ұйымдардың Тізбесінен шығарудың негіздемелері:

1) Ұйымның жазбаша өтінішінің болуы;

2) Ұйымның жалған немесе қате ақпаратты ұсынуы;

3) Ұйыммен, әлеуетті өнім берушінің алдын ала білікті іріктеу туралы шартын жасау кезінде Ұйымның ұсынған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бұзуы;

4) Ұйымның есебінде көрсетілген мәліметтердің Стандартпен, аудитті жүргізу бойынша Нұсқаулықпен және әлеуетті өнім берушінің алдын ала біліктілік іріктеу туралы шарт талаптарымен қарастырылған талаптарына сәйкессіздігін анықтау;

5) Ұйымды Холдингтің сенімсіз өнім берушілері Тізіміне және (немесе) мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушылары Тізіліміне және/немесе жалған кәсіпорындар Тізіміне енгізуі;

6) Ұйымды және/немесе басшысын, құрылтайшыны (акционерлерді) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте терроризм және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдардың және тұлғалардың тізіміне енгізу;

7) Ұйымдардың Тізбесіндегі болу мерзімінің аяқталуы;

8) Ұйым және Біліктілік органы арасында жасалған әріптестік туралы келісіммен қарастырылған жағдайлар:

әлеуетті өнім берушіні алдын ала біліктілік іріктеу туралы Шарт талаптарына сәйкес Ұйымның кінәсі бойынша Аудитті жүргізудің мерзімін бұзу;

- Біліктілік органын және/немесе әлеуетті өнім берушіні хабардар етпей аудиторлық топтың келісілген құрамын өзгерту;

- есепті уақытылы немесе сапалы ұсынбау;

- Біліктілік органының ескертулерін жоймау және/немесе уақытылы жоймау;

- әлеуетті өнім берушілер тарапынан негізделген шағымдар.

## **10. Дау-дамайды шешу тәртібі**

**51.** Ұйымдарды іріктеу іріктеуді жүргізу кезінде Комиссия қабылдаған шешімдерге жоғары тұрған органға (Қор) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым беріле алады.

## 11. Қорытынды ереже

**52.** Комиссия Іріктеуге қатысушыларына Комиссия отырыстарына қатысуды қоса алғанда келіссөздерді жүргізу, іріктеу іріктеуге қатысуға Өтінімді дайындауға кететін шығындарды өтемейді.

**53.** Іріктеуге қатысушыларынан алынған құжаттар мен Комиссия хаттамалары Біліктілік органда 4 (жыл) бойы сақталады.

**54.** Осы Регламенттің 53-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін Комиссия құжаттары мен хаттамалары белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсырылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының  
шешімімен бекітілген әлеуетті өнім  
берушілердің көшпелі верификациялық  
және техникалық аудиттерін өткізуге  
тарту үшін Ұйымдарды іріктеу  
регламентіне  
№1 қосымша  
2016 жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттамасы

## Өтінім

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген 201\_\_\_\_ жылғы  
\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттамасы әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық  
және техникалық аудиттерін өткізуге тарту үшін Ұйымдарды іріктеу регламентіне сәйкес  
\_\_\_\_\_ (әрі қарай- іріктеу қатысушысы),  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ атынан іріктеу  
рәсіміне қатысу үшін осы өтінімді қабылдауды сұрайды.

1. Іріктеуге қатысушы:

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны)

2. Заңды тұлғаның қысқартылған атауы:

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет (куәлік/анықтама нөмірі, берген күні, кім берді), немесе сауда тізілімінің немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тиесілілігі және тіркелуін растайтын басқа құжаттың көшірмесі) \_\_\_\_\_.

4. Филиал/өкілдігі бар болса Қазақстан Республикасындағы филиалдары/ өкілдіктері туралы мәліметтер (куәлік/анықтама нөмірі, берген күні, кім берді)

5. Деректемелері:

5.1. Заңды мекен-жайы: \_\_\_\_\_

5.2. Нақты мекен-жайы: \_\_\_\_\_

5.4. Байланыс телефоны, факс, e-mail, байланысатын тұлға:

6. Штатты аудиторлар саны \_\_\_\_\_

7. Штаттан тыс аудиторлардың саны \_\_\_\_\_

8. Аудиттің түрі \_\_\_\_\_ (іріктеуге қатысушы өтуге үміткер болатын аудиттің түрін көрсету (көшпелі верификациялық/техникалық аудит).

Өтінімге қосымша беріледі:

1. Құрылтай және тіркеу құжаттары:

1. Куәліктің нотариалдық куәландырылған көшірмесі (қажеттілікке қарай) немесе

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе заңды тұлғаның тіркелуі мен мемлекеттік тиесілілігін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;

2. Жарғының нотариалдық куәландырылған көшірмелері барлық енгізілген өзгерістер және толықтырулармен.

3. Қазақстан Республикасында филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, филиал/ өкілдік туралы (филиал/өкілдік бар болса) ереженің нотариалдық куәландырылған көшірмесі; іріктеуге қатысушының басшысын тағайындау (сайлау) туралы құжаттың, ұйымның мөрімен расталған көшірмесі немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе түпнұсқасы;

4. Оның уәкілетті қызметкерінің Комиссиямен өзара әрекеттесуге іріктеу қатысушысының сенімхаты;

5. Қазақстан Республикасының аккредитациялау органы немесе менеджмент жүйелерін сертификаттау саласында IAF\* мүшесі болып табылатын аккредитациялау органымен берілген менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау бойынша жұмыстарды орындауға іріктеуге қатысушының құзыреттілігін растайтын құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері .

*\* IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша орган берген Бас компанияның \*\* аккредитациялау туралы құжатты ұсынған жағдайда, іріктеуге қатысушы Бас компанияға іріктеуге қатысушыға аккредитациялау туралы құжаттың қолданылуы туралы хатты ұсынады.*

*\*\* Бас компания – менеджменттің жүйелерін сертификаттау саласында IAF мүшесі – аккредитациялау бойынша органның менеджменттің жүйелеріне аудиттерді өткізуге аккредитациялаған іріктеу қатысушысының құрылтайшысы болып табылатын холдинг.*

**II. Аудиттің түріне байланысты (қосымшадағы нысан) сомаға азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының білікті ұйымдарының алдын ала Тізіліміне іріктеуге қатысушының қосу туралы Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасау туралы бірінші басшы немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қойған іріктеуге қатысушының кепілхаты:**

- көшпелі верификациялық аудит үшін 2 жылға 40 000 АЕК сақтандыру сомасына;
- техникалық аудит үшін 3 жылға 200 000 АЕК сақтандыру сомасына техникалық аудит үшін

«Самұрық-Қазына Келісім-шарт» ЖШС-мен қызметтесу туралы келісім және әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудитін жүргізуге тарту үшін Ұйымдарды іріктеу регламентімен қарастырылған сақтандыру шарттарын қоса отырып.

Бұл кезде, 12 айға дейінгі мерзіммен азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің сақтандыру шартын ұсынған жағдайда, келесі 12 немесе 24 айға сәйкесінше қайта жасау немесе ұзарту міндеттемесін қарастыру.

### III. Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар:

	Біліктілік талаптар	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар
1	Қазақстан Республикасының аумағында менеджменттің жүйелеріне аудитті өткізу бойынша тәжірибесінің болуы.	Менеджменттің жүйелерін сертификаттау бойынша қызметінің барысында іріктеуге қатысушының мөрмен расталған сертификаттардың нөмірлерін қамтыған сертификатталған компаниялардың тізілімі

2	Келесі салаларда қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тараппен менеджмент жүйелерінің аудиттерін өткізу бойынша тәжірибесінің болуы: авиациялық ____ жыл; теміржол ____ жыл; тамақ ____ жыл; телекоммуникациялық ____ жыл; мұнай-химиялық ____ жыл; энергетикалық ____ жыл; теңіз ____ жыл немесе онымен байланысты салалар.	Аталған салаларда немесе солармен байланысты салаларда орындалған жұмыстардың актілері (көрсетілген қызметтер), шарттардың көшірмелері. Аталған салаларда немесе солармен байланысты салалардағы негізгі клиенттердің тізбесі.
3	Менеджмент жүйелерін сертификаттау саласында IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша орган/ Қазақстан Республикасының аккредитациялау бойынша органының беретін аккредитациялау туралы құжатының болуы	Аккредитациялау аттестаттары/ қосымшаларымен немесе менеджменттің жүйелерін сертификаттау саласында IAF мүшесі болып табылатын аккредитациялау бойынша органның берген соларға балама құжаттарымен Қазақстан Республикасының аккредитациялау берген аккредитациялау аттестатының нотариалдық куәландырылған көшірмелері
4	Қазақстан Республикасының аумағындағы филиалдар/ өкілдіктердің болуы.	Филиалдың мемлекеттік есептік тіркеу туралы анықтамасы
5	жақын және алыс шетел елдерінде менеджменттің жүйелерін сертификаттауды жүргізуге аккредитациясы бар 100% пайыз қатысу үлесімен Бас компанияның еншілес ұйымдардың болуы.	жақын және алыс шетел елдерінде менеджменттің жүйелерін сертификаттауды жүргізуге аккредитациясы бар 100% пайыз қатысу үлесімен Бас компанияның еншілес ұйымдардың болуын растайтын Бас компанияның хаты
6	Үшінші тараппен менеджмент жүйелерін растау жөнінде аудиттерді өткізу және аудиттің есебін орыс немесе қазақ тілдерінде жазуды растау бойынша тәжірибесі бар іріктеу қатысушысының штаттағы аудиторларының саны	Бірінші басшы немесе уәкілетті тұлғаның қол қойған №1 кестеге сәйкес ақпарат, сарапшы – аудитордың аттестатының көшірмелері, аудитордың өкілеттіліктерін растайтын басқа да құжаттар
7	Штатты аудиторлардың біліктілігі:	
7.1	Соңғы толық күнтізбелік күн ішінде үшінші тараппен менеджмент жүйелеріне өткізілген аудиттердің саны	Растайтын құжаттар. Audit-log
7.2	Келесі салаларға сәйкес келетін іріктеу қатысушысының штатты аудиторларында IAF салалық кодтарының саны: авиациялық; теміржол;	Растайтын құжаттар, хат

	тамақ; телекоммуникациялық; мұнай химиялық; энергетикалық; теңіз немесе онымен байланысты салалар.	
8	Үшінші тараппен менеджмент жүйелерін растау жөнінде аудиттерді өткізу және аудиттің есебін орыс немесе қазақ тілдерінде жазуды растау бойынша тәжірибесі бар іріктеу қатысушысының штаттан тыс аудиторларының саны	Бірінші басшы немесе уәкілетті тұлғаның қол қойған №2 кестеге сәйкес ақпарат, сарапшы – аудитордың аттестатының көшірмелері, аудитордың өкілеттіліктерін растайтын басқа да құжаттар
9	Штаттан тыс аудиторлардың біліктілігі:	
9.1	Соңғы толық күнтізбелік күннің ішінде үшінші тараппен менеджмент жүйелеріне өткізілген аудиттердің саны	Растайтын құжаттар.Audit-log
9.2	Келесі салаларға сәйкес келетін Ұйымдардың штаттан тыс аудиторларында IAF салалық кодтарының саны: авиациялық; теміржол; тамақ; телекоммуникациялық; мұнай химиялық; энергетикалық; теңіз немесе онымен байланысты салалар.	Растайтын құжаттар, хат

#### IV. 1 аудит-күн ішіндегі қызметтерге тарифтер теңгемен:

- Қазақстан Республикасының аумағында көшпелі верификациялық аудитті өткізу бойынша;
- Қазақстан Республикасының аумағынан тыс көшпелі верификациялық аудитті өткізу бойынша;
- Қазақстан Республикасының аумағында техникалық аудитті өткізу бойынша;
- Қазақстан Республикасының аумағынан тыс техникалық аудитті өткізу (жеке жабық конвертте беріледі).

Қазақстан Республикасының резидент еместері болып табылатын Іріктеуге қатысушылары, теңгемен тарифтерді де көрсетеді, бұл кезде берілген сома біржола болып табылады және қандай-да бір шетел валютасына қатысты теңге бағамының өзгеруі жағдайында қайта есептеледі.

**V. Басқа құжаттар:** іріктеу қатысушысының беделіне оң сипаттама беретін клиенттердің пікірлері, қазақ немесе тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармаларымен.

#### Рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасының жасаған халықаралық келісімдеріне қарай, Іріктеуге қатысушылары Қазақстан Республикасының резидент еместері нотариалдық куәландырылған құжаттардың көшірмелерін және/немесе апостильдендірілген/заңдастырылған құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Өтінімнің шетел тіліндегі барлық қосымша құжаттары қазақ немесе орыс тілдерінен нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.





Шығ. № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

## КЕПІЛХАТ

Осы хат арқылы \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы)

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет (күелік/анықтама нөмірі, берген күні, кім берді), немесе сауда тізілімінің немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тиесілілігі және тіркелуін растайтын басқа құжаттың көшірмесі)

Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін өткізуге тарту үшін Ұйымдарды іріктеу регламенті және «Самұрық-Қазына Келісім-шарт» ЖШС-мен қызметтесу туралы келісіммен қарастырылған сақтандыру шарттарын қоса отырып, 2 жылға дейін әрекет ету мерзімімен Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық аудитін өткізуге қатыстыру үшін білікті Ұйымдарды Алдын ала тізіміне

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы)

қосқан күннен бастап кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні ішінде 40 000 АЕК бастап сақтандыру сомасына азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің сақтандыру шартын жасауға кепілдік береді. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің сақтандыру шартын 12 айға дейінгі мерзімде жасаған жағдайда, келесі 12 айға оны қайта жасау немесе ұзартуды қамтамасыз етуге міндеттенемін.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

М.О.

Шығ. № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

## КЕПІЛХАТ

Осы арқылы \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы)

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет (күәлік/анықтама нөмірі, берген күні, кім берді), немесе сауда тізілімінің немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тиесілілігі және тіркелуін растайтын басқа құжаттың көшірмесі))

Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін өткізуге тарту үшін Ұйымдарды іріктеу регламенті және «Самұрық-Қазына Келісім-шарт» ЖШС-мен қызметтесу туралы келісіммен қарастырылған сақтандыру шарттарын қоса отырып, 2 жылға дейін әрекет ету мерзімімен Әлеуетті өнім берушілердің көшпелі верификациялық аудиттерін/ 3 жылға дейін әрекет ету мерзімімен әдеуетті өнім берушілердің техникалық аудитін өткізуге тарту үшін білікті Ұйымдарды Алдын ала тізіміне \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы)

қосқан күннен бастап кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні ішінде 200 000 АЕК бастап сақтандыру сомасына азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің сақтандыру шартын жасауға кепілдік береді. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің сақтандыру шартын 12 айға дейінгі мерзімде жасаған жағдайда, көшпелі верификациялық аудит үшін келесі 12 айға, техникалық аудит үшін 24 айға оны қайта жасау немесе ұзартуды қамтамасыз етуге міндеттенемін.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

М.О.